

чайные ситуации, обеспечения государственной, общественной и экологической безопасности и охраны общественного порядка. В соответствии с положениями данного закона, Госсовет КНР должен создать единую общенациональную информационную систему по чрезвычайным ситуациям, а местные народные правительства уездного уровня и выше должны создать аналогичные информационные системы на местном уровне. Информация, предоставляемая соответствующими организациями и частными лицами о чрезвычайных ситуациях, должна быть своевременной, объективной, достоверной; запрещается задержка информации, предоставление ложной информации, сокрытие информации и непредставление информации.

Китай последовательно осуществляет меры по противодействию стихийным бедствиям. В этих целях разрабатываются планы первоочередных действий. Многочисленными научно-исследовательскими организациями Китая ведутся работы по всем важнейшим направлениям уменьшения опасности землетрясений, безопасности гидротехнических сооружений, в высших и средних учебных заведениях страны осуществляется подготовка высококвалифицированных специалистов с учетом современного менеджмента в водном хозяйстве и умения противостоять стихийным бедствиям.

Таким образом, можно сказать, что КНР качестве инструментов уменьшения опасности бедствий рассматривает достижение следующих четырех целей:

- повышение уровня осведомленности в целях обеспечения лучшего понима-

ния на глобальной основе рисков и уязвимости и необходимости уменьшения опасности;

- приверженность органов государственной власти целям реализации политики и принятия мер по уменьшению опасности;

- поощрение налаживания отношений междисциплинарного и межсекторального партнерства, в том числе путем расширения сетевых структур для уменьшения опасности;

- расширение базы научных данных по вопросам уменьшения опасности бедствий.

\*\*\*

1 Материалы Информационного Агентства Синьхуа ( 新 华 ) на сайте: [www.russian.xinhuanet.com](http://www.russian.xinhuanet.com)

2 Сарсембеков В.Т. Правовые аспекты обеспечения борьбы со стихийными бедствиями в КНР/ Сборник тезисов международной конференции по сокращению стихийных бедствий связанных с водой. Душанбе, 2008. – С. 102-105.

3 Кранина Е.И. Проблемы охраны окружающей среды и устойчивого развития экономики Китая/ XVII КПК и проблемы социально-экономического развития КНР на современном этапе/ М.: Институт Дальнего Востока РАН, 2009.- С. 216-226.

\*\*\*

Мақалада Қытайдағы табиғат апаттарының қаупін азайту мәселелері және оның элеуметтік-экологиялық аспектілері қарастырылған. Халықаралық ұйымдардың табиғи апаттардың зардабына қарсы күрес туралы қабылдаған шарттары және ҚХР-да оны іске асыру шаралары жан-жақты талданады.

## Н. Абдраимова

### VII-XII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ҚЫТАЙ МӘДЕНИЕТІНІҢ ГҮЛДЕНУ КЕЗЕҢІ

VII-XII ғғ. Қытай мәдениеті өзінің ең жоғарғы даму сатысына көтерілгені белгілі. Таң династиясының билік еткен кезінде, Қытай тарихында біз елдің экономикасының гүлденіп, мемлекеттің мықты саяси бағыт қалыптастырып, мәдени гүлдену кезеңінің бақылай аламыз. Қытайдың дәл осы мәдениетінің гүлдену

кезеңінде, империя Орталық Азия мемлекеттеріне елеулі әсер етіп, өзінің үстемдігін халықаралық сахнада нығайта түсті.

Қытай идеологиясында Аспан асты елінің жердің кіндігінде орналасып, жан-жақтағы мемлекеттерді үйретіп, басқаруға тиіс деген доктринасы Қытайдың

халықаралық сахнада сыртқы саясат тактикасын айқындайды.

VII-VIII ғғ. Қытай мәдениеті өзінің ең жоғарғы даму сатысына көтеріледі. Таң династиясының негізін қалаған табғаш руынан шыққан Ли Шиминь Александр Македонский іспетті далалықтар мен қытайлықтарды, яғни, әр текті екі этносты біріктіруге талпынғанымен, бұдан еш нәтиже шығара алмайды. Себебі табиғат заңдарын императорлар өзгерте де, тежей де алмайды. Дегенмен де бұл қосындыдан ешкім болжай алмаған ұлы күш - Таң империясы пайда болды. Ол көшпелілер мен отырықшыларға бірдей жат болды. Қытайлықтар Таң билеушілеріне жеккөрінішпен қараса, түркілер мен ұйғырлар Таң императорларымен мәдени байланыстар орнатып, оларға түркілердің жоғарғы атағын беріп «хан» деп атаса да, оларды өздерінің бір бөлігі ретінде санамады. Қытайдың оқымысты шенеуліктері әр түрлі айла-тәсілдерді қолдана отырып, өздеріне жеккөрінішті этносты құрту үшін, әр түрлі жала-арыздар жазып, көптеген қайраткерлердің көзін құртты. Дегенмен, бұл жас этностың тағдыры да ерекше болды. Династияның арқау еткен күші қытайлықтар мен түркілер емес, Қытайдың солтүстік шекарасы мен Ұлы даланың оңтүстік аумағына орналасқан араласып кеткен халықтар болды. Бұл адамдар қытай тілінде сөйлей бастаса да, табғаштардың дәстүрін сақтады. Қытайдың отаншыл қайраткерлері әсіресе ғалымдар, сырттан келген жат нәрселердің бәріне қарсы болды. Буддизмге, жартылай жалаңаштанған қыздардың үнділік билеріне, түркілердің батырлығы мен салт-санасына, сыртқы әлеммен жасалатын саудаға, арзан бағаға ағылып кетіп жатқан жібектің орнына қытайлардың санасын жаулаған несториан ілімі мен манихей ілімінің ағылып келуіне қарсылық көрсетті. Мәдениет әдетте этнос ғұмырынан ұзақ болады. Батырлардың көпшілігі Таң империясы үшін болған күресте жанын қиды, ал қалған бөлігі әр түрлі жалалардың құрбаны болды. Бірақ олардың салт-дәстүрлері, қызығушылықтары мен өнері Қытайдың салт-санасына

әсер етіп, Қытай дәстүрінің құрамдас бөлігіне айналды.

Қытайлықтар көшпелі түркілердің, үнділер мен ұйғырлардың қытай жазығына әкелген әлемдік мәдениетінен сусындайды. Таң династиясы кезінде Қытайда діндік құдалау болмағандықтан көшпелілерді өзіне тартып, жаңа діндердің таралуына жол беріледі. Дегенмен де мемлекеттік идеология әлемдік идеологияға теңестіріліп «варварларға» қытай мәдениетін тарату міндеті императордың негізгі міндеті болып саналды.

Таң империясы кезінде саяси мәдениеттердің синтезі байқалды. Бұл синтез мемлекеттің шекарасын ұлғайтуға мүмкіндік беріп, Таң империясының территория аумағы Хань империясының территориясынан да асып түсті. Соңғы жылдарда атақты қытайтанушылар Т. Барфильд, Д. Твитчетт, А. Айзенберг, С. Чеси сияқты ғалымдар, Таң империясының басқару тактикасы Солтүстік Қытайда алты династия (220 - 581) кезінде бірін-бірін алмастырған Орталық Азиялық сунну – сяньби түркі басқару дәстүріне ұқсас деп есептейді. Бұл сұрақты әлі зерттеу қажеттігі тұрғанымен, бірақ Таң династиясының саясаты өте икемді болғанын және соның нәтижесінде өркениеттер арасында өзара байланыс орнатылып, бірін-бірі толықтырғаны ешкімнің күмәнін келтірмейді. Император Тайцзунның көреген саясатының жемісі ретінде Таң империясының Орталық Азия халықтарымен жақсы достық қарым-қатынастарды орнатқанын айта аламыз. Сыма Гуанның естеліктерінде: «Бірде император Тайцзун көрші халықтардың бірінен кейін бірі император сарайына келгендерін көріп, бұған қатты риза болған император былай деген екен: «Хань династиясының императоры У-Ди 30 жыл бойы өзінің әскери табыстарын жарқырата көрсетсе де, бірақ қол жеткізген табыстары соншалық көп емес. Оның табыстарын қазіргі біздің табыстарымызбен салыстыруға бола ма? Қазір біз варварларды «дә» адамгершілік принципі бойынша өзімізге қаратамыз, осылайша олар бізге бағынышты болды. Біздің осы жетістігіміздің себебі неде?», – деп министрлеріне сұрақ қояды.

«Ежелден бері Қытай императорлары Қытайды бағындыра алса да, жундар мен дилерді бағындыра алмады. Мен өзімді, ежелгі императорлармен қатар қоймаймын, бірақ менің кейбір істеріммен мен олардан асып түстім. Бірақ оның себебін өзім де білмеймін сендер маған түсіндіріңдерші?», - деп сұраған екен. Бұған министрлері: «Ұлы Императордың істері Жер мен Көк секілді Ұлы, оларды түсіндіре алатын жер бетінде жан жоқ», - деп жауап береді. Бұған император: «Олай емес менің жеңістерім - менің бес түрлі іс - әрекеттерімнің нәтижесі.

Біріншіден, ежелден бері көптеген императорлар өздерін жеңіп, олардан асып түскендерді жек көретін, ал мен болсам, өзгенің жеңісіне өзімнің жеңісіме қарағандай қараймын.

Екіншіден, істері мен қабілеттері жетілген адамдар жоқ. Мен әдетте менің қол астымдағылардың кемшіліктеріне мән бермеймін, мен олардың жақсы қабілеттерін ғана қолданамын.

Үшіншіден, әдетте императорлар дана адамдарды қастарына жақындатып, олардың даналығын пайдаланғысы келеді, ал қабілетсіз адамдардан бас тартып, олардың көздерін жойғысы келеді. Мен болсам, адамның даналығын көрсем, оны жоғары бағалаймын. Егер адамның қабілетсіз екенін көрсем, оған жанашырлықпен қараймын. Даналар да, ақылсыздар да өз орындарында болу керек.

Төртіншіден, көптеген билеушілер тура бетке сөйлейтіндерді жек көреді, оларды сыртынан айыптап, ашық жазалайды. Бұндай жағдай байқалмаған дәуір жоқ. Мен таққа отырғаннан бері империяда адал шенеуліктер өте көп, бірақ мен біреуіне де қастандық істеп, орнынан түсірген жоқпын.

Бесіншіден, ежелден бері біздің отандастарымыз қытайлықтарды жақсы көріп, варварларды жек көретін. Ал мен болсам барлығын бірдей жақсы көремін, сондықтан да варварлардың әр түрлі тайпалары менен мықты тірек тауып, ата-анасына арқа сүйегендей сенеді. Бұған мысал ретінде, біз «Жаңа Таң шу» кітабының «Географиялық очерктер» тарауында Таң империясының түркілермен

қарым – қатынасы туралы былай жазылғанын көре аламыз: «Таң империясы құрылған кезде, алғашында варварлармен қарым – қатынасы нашар болды, бірақ Тайцзун түріктерді, Солтүстік және Батыс фандерді, және Шығыс мандерді бағындырып, олар тұрған жерінде облыстар мен уездер, ал түркі тайпалар тұрған жерлерде губернаторлық (духуфу) құрылып, тайпа көсемдері губернаторлар болып сайланды. Бұл лауазымды шендер ұрпақтан – ұрпаққа мұраға берілді. Туцзуюе тайпасының мекендеген жерінде 51 губернаторлық және 198 облыс құрылды», - деп жазылған.

Қытай мәдениетінің гүлденуін біз Таң империясының жерлеу рәсімінен де көре аламыз. Таң императорларының қабірлерінде, мәселен Юнтай ханшайымның қабірінен табылған алтын, күміс, нефриттен жасалған 1300 бұйымдар бұған дәлел бола алады. Ханшайымның өзі қолданған заттарымен қоса, ханшайымның о дүниеде қолдана алатын заттары кездеседі. Зерттеушілерді тағы бір таңқалдырған жайт, қабірлерде биік ғимараттар мен бағаналардың бейнелері жойылып, бірінші орынға сырттан келген арғымақтар мен түйелердің және шет елдік саудагерлердің мүсіндері қойылғаны. Адамдардың мүсіндері өте дәлдікпен жасалынғаны, оларды шынайы адамдарға қарап, жасағандығы байқалады. Адамдар мен жануарлардың мүсіндері сол кезде әйгілі болған «үш түсті керамика» үлгісімен жасалған. Үш түсті керамикасы Таң дәуірінің өте атақты, әрі жоғары сапалы керамикасы болған. Шеберлердің 1 метр биіктегі адамның мүсінін жасап, оның әр түрлі қырларын дәл келтіре алғанын көре аламыз. Ал мүсіндердің түрлі – түсті болуы, оларға жан бітіргендей әсер береді.

Осы дәуірдегі Қытай архитектурасының жарқын үлгісі Цяньмэн комплексі ерекше болып келеді. Қабірді қоршап тұрған қабырғаның төрт қақпасында да екі арыстанның мүсіні тұрғызылған, ал солтүстік пен батыс қақпаларында арыстандардың бейнелері мен 6 арғымақтың мүсіні тұрғызылған. Сонымен қоса, 20 жауынгер мен 10 арғымақтың, 8 қанатты

аттардың және қанатты бұғылардың мүсіндері ”рухтардың аллеясын“ құрайды. ”Рухтардың аллеясының“ оң жағында Қытай императорымен жүздесуге келген адам бойынан сәл биік шет ел билеушілері мен елшілердің 61 мүсіні тұрғызылған. Ал Шуньлунь комплексінде 13 жауынгер мүсіні, жерде жатқан 3 койдың мүсіні, 2 арыстанның мүсіндері мен 2 аспан бұғыларының мүсіні кездеседі. Чжаолин комплексінде шет ел билеушілерінің 14 мүсіні сақталған, сондай-ақ Тайцзунның ең сүйікті арғымақтарының мүсіндері тұрғызылған. Бұл комплекстердегі мүсіндерден біз, Таң империясы кезінде Хань империясының және алты патшалықтар кезеңінің тақырыптары өзгертіліп, бұрынғы мүсіндердің орнына арыстандар мен аттардың мүсіндері жасала бастағанын көре аламыз. Таң империясының «ашық есік» саясатының негізінде, көрші халықтармен үздіксіз қарым-қатынастарының болуы Таң мәдениетін байыта түсті.

Таң империясының құлауына себеп болған Хуан Чао көтерілісінен кейін қытай бөлшектеніп, Хуанхэ бассейнінде бірін-бірін алмастырған 5 династияның билікке келуіне алып келді. Оларға: Кейінгі Лян (907-923), кейінгі Таң (923-936), кейінгі Цзинь (936-946), кейінгі Хань (947-950) және кейінгі Чжао (951-960) династиялары жатады. Бұл династиялар қытай емес, варварлық тектен шыққан әскерилердің көтерілістерінің нәтижесінде билікке келді және дәл осы кезде империяның оңтүстік батыс, оңтүстік және оңтүстік шығысында өмір сүрген, мәселен Сычуанда ерте Таң және кейінгі Шу (907-965), Янцзы бассейнінің төменгі жағында У (902-937) және кейінгі Таң (937-975), Хунанда Чу (927-951), Хубейдә Оңтүстік Пин, Фуцзянда У (909-945) және Гуандунда оңтүстік Хань (917-971) патшалықтары өмір сүріп жатты. Өкімет басына Хуан Чао көтерілісінің кезінде билікке отырған қарапайым халықтың арасынан шыққан қарайым шаруалар келді. Олар Таң империясының билік жүйесін дәліме-дәл көшіріп, басқару жүйесіне ешқандай өзгерістер енгізбейді. Бұның өзі тұрақтанып қалған жүйенің өміршеңдігін

көрсетеді. Таң императорлары білім, ғылым, өнерге құмар болғандықтан, творчестволық интеллигенцияны өте жоғары бағалайтын. Таң дәстүрлерін дәлме-дәл көшірген жаңа мемлекеттер көркемөнерге де қызығушылықпен қарай бастайды. Сондықтан үлкен бытыраңқылыққа түскен қытайдың мәдениеті күйзеліске ұшырамай, аман қалып, керісінше жаңа даму сатысына көтерілген еді. Бұған X-шы ғасырдың екінші жартысында халық ауыз әдебиеті мен бейнелеу өнерінің жандануы дәлел бола алады.

Халықтың бытыраңқылығын тоқтатып, билікті қолына алған Сұң династиясы елді дағдарыстан шығаруға көп күш жұмсады. Бірақ осы кезде қидандардың құрған Ляо мемлекеті (916-1125) мен солтүстікте құрылған таңғұттардың Батыс Ся мемлекеті Қытайға маза бермей, империя оларға үлкен мөлшерде салым төлеуге мәжбүр болады. Сол себептен де қытай дәстүріне сәйкес жаңа династия билікке келген кезде жаңа астананы салу дәстүрінен бас тартуына мәжбүр болады. Сұң династиясының гүлдену кезеңіне Чженцзун (998-1023) және Жэньцзун (1023-1064) императорларының билік еткен кезеңін жатқызуға болады. Осы кезде қала мәдениеті дамып, кітап басу өнерінің пайда болуы кітаптардың көптеп басылуына алып келді. Осыған орай, кітап басатын дүкендер, баспаханалар мен мемлекеттік және жеке кітапханалар көптеп ашыла бастады. Классикалық әдебиет үлгілері енді тек жоғарғы лауазымды топтың ғана емес, қарапайым халықтың да уысына түсетін болды. Кітап басудың ксилография түрі гравюра өнерінің және кітап иллюстрациясының дамуына түрткі болды. Бұның өзі бейнелеу өнерінің «нанхуа» түрінің дамуына ықпал етті. Таң мен Сұң династияларының арасында династия мен 10 патшалық дәуірі өтіп, қытай бөлшектеніп қалса да, бірақ соған қарамастан біз, Таң мен Сұң дәуірін біртұтас мәдени дәуір ретінде қарастыра аламыз. Себебі дәл осы кезде қытай өзінің ұлттық рухының көтерілген дәуірін, мәдени өмірінің гүлденген шағын басынан кешірген болатын. Оған Таң династиясының поэзиясы мен новеллалары және Сұң

дәуірінің кескіндеме өнерінің дамуы дәлел бола алады.

Сұң дәуірінің сыртқы жаулары кидандар мен таңғұттардың маза бермей, мемлекетті шайқалтқанымен, бұл дәуір Қытайдың мәдениетінің гүлдену кезені болып саналады. Қытайда экономикалық даму үрдісі байқалып, қалалар саны өсіп, өндіріс түрлері дамыды. Қытай қолөнершілері Қытайдың ұлттық мақтанышы болатын фарфор, жібек түрлерін, ағаштан, піл сүйегінен әр түрлі заттар жасап шығарады. Сұң дәуірінде оқ-дәрі мен компас пайда болып, кітап басу өнері көрші елдерге тарайды. Орталық Азия халықтарының дәнді-дақылдарының көптеген түрлері Қытайға тарап, халықтың қызығушылығын оятады.

Таң империясы қытай поэзиясының «алтын ғасыры» саналатыны белгілі. VIII-ші ғасырдың бірінші жартысында Сюанцзун сарайында ұлы суретшілер, ақындар мен мүсіншілер жиналып, өз өнерлерімен императорды таңқалдыратын. Сюанцзунның арқасында Чанъан әлемдегі ең өркениетті астанаға айналады. Таң империясының мәдени жетістіктері қазіргі уақытқа дейін дүниежүзін таңқалдырып келеді.

Әдебиет жанрларының ішінде поэзия жанры сол дәуірдің айнасы, сол дәуірді тұп-тұра бейнелеуші құралы болып табылады. Таң династиясының ақындарының саны үш жүз мыңға жуық болды. Сонымен қатар, Таң империясын «романтизм дәуірі» деп санауға болады. У-Хоу ханшайымның ұзақ уақыт билік құруы және Сюанцзунның өнерге деген ынтасы, жаңалықтардың көптеп ашылуына және халықтың мәдени дамуына негіз болды. Таң империясының поэзиясының негізін қалаушылардың қатарына Ли Бай, Ду Фу мен Хао Цзянді, Ван Вэйді және Боцзюй-Иді жатқызуға болады. Аталған ақындардың өлеңдері өз дәуірін айқын бейнелеп, халыққа үлкен серпіліс берді. Мәселен, Боцзюй-Идің атақты «Мәңгі қайғы» атты өлеңі Ян Гуйфэй мен Сюанцзунның трагедиялық махаббатына арналады. Көтерілісшілердің соққысынан әлсіреген Сюанцзун қираған астанаға оралған кезде, ол даостардың магиялық

әдістерімен Ян Гуйфэйдің аруағын тауып алуға тырысады, даостық монах Ян Гуйфэйдің аруағын аспанда да, жер асты патшалығында да таба алмай, нәтижесінде тірі адам аяқ баспайтын, мәңгі өмір сүретін рухтар аралы Пэнлайде Ян Гуйфэйдің аруағын тауып алады. Ян Гуйфэй император елшісіне болашақта императормен кездесе алатынына уәде береді. Бірақ ол императордың Ян Гуйфейді ызалы әскерге бере салғанын ұмыта алмай, жүрегі мәңгі қайғыға толғанын айтады. Боцзюй-Идің бұл шығармасы қытай халқының сүйіп оқитын шығармасына айналады.

Сонымен қатар, осы дәуірде Қытайдың сәулет өнерінде арыстандардың бейнесінің көптеп қолданыла бастауы С.П. Фицджеральдтың ойынша, Азиядан келген елшіліктердің сыйы ретінде әкелінген арыстандардан басталады. Сондай-ақ, Орталық Азия арғымақтарына қызыққан Тайцзунның әмірімен арғымақтардың мүсіндері жасала бастады. Әдетте императорлар қабірінде императорға О-дүниеде тағзым етіп, құлшылық ететін, осы өмірде оған қуаныш сыйлаған құлдары мен бишілерінің, актерлер мен әскерлерінің мүсіндері жасалып, бірге көмілегін. Мүсіншілер бұл образдарды өте керемет дәлдікпен жасайтын. Сонымен қатар, аруақтар әлемінде саяхатқа шығу үшін аттар мен түйелердің де мүсіндері жасалына бастайды. Үйлер мен заттардың мүсіндері аруаққа келесі өмірде тұра қазіргідей тыныштық сыйлап, оған келесі өмірде де өзін үйдегідей сезінуге мүмкіндік береді деген сенім болды. Сондықтан мүсіншілер жасаған заттарының шынайы болып көрінуіне жан-тәнін, шеберлігін салып тырысты. Сондықтан, Таң дәуірінің қабірдегі мүсіндері сол замандағы адамдар мен заттардың дәлмә-дәл көшірмесі болып табылады. Киімдердің үлгілері мен жауынгерлердің қарулары, бишілердің би стилі осының барлығы таңқаларлық керемет дәлдікпен бейнеленген. Сонымен қатар, Таң қоғамының ерекше бай болғаны, мұнда әр түрлі ұлт өкілдерінің жиналғанын кішкене адамдардың мүсіндері дәлелдей алады. Осыдан Таң қоғамының көп қырлы

болғаны байқалады. Таң дәуірінде көрші халықтармен тығыз қарым-қатынасының болуын тағы бір жайт түсіндіреді, беделді қытайлықтар Орталық Азия халықтарының атқосшылары мен түйелершілерін малдарын қаратуға жалдайтын. Себебі Орталық Азия халықтары мал өсірудің ең тиімді тәсілдерін біліп, кең далада өскендіктен, малдың жанын түсінетін қасиеті болды. Қоршаған орта адамдардың мінез-құлқына әсер еткендіктен, дала көшпенділері кең даладай кең пейілді болып, жанашырлық қасиеттері бар болатын. Сондықтан көшпелілердің сүйіспеншілікпен өсірген малдары тез өсетін. Көшпелілердің түйеде, атта отырған мүсіндері өте ұқыптылықпен орындалғандықтан, олардың Орталық Азиядан келгендері күмән келтірмейді. Бұл мүсіндер Орталық Азия халықтарының бет-әлпеттерін, киімдерін елестетуге мүмкіндік береді. Бай адамдардың үйлерінде көптеген шет елдіктер жиналатын. Қытайлықтар олардың киімдері мен әдет-ғұрыптарына ерекше мән беретін. Осы қызығушылық Қытайдың мүсін өнерінде көрініс тапты. Бірақ адамдардың кішкене мүсіншелері ұзақ уақыт бойы осы дүние үшін емес, о дүние үшін жасалды. Бұл мүсіндер адамды жерлеу кезінде мәйітпен бірге көмілетін, сол себептен ұзақ уақыт бойы өнер түріне жатқызылмай, тіпті әдебиетте де көрініс таппай шеткері қалып қалған болатын.

V-ші ғасыр мен X-шы ғасырлар аралығында қытайлықтар әр түрлі ағымдардың арқасында ғажайып пластикалық мүсін өнерін қалыптастырды. Қытай мүсіншілерінің Орталық Азия өкілдерінің мүсіндерін көптеп жасауы, Таң империясына көшпелілердің ағылып келуін дәлелдейді.

Сондықтан да Қытайдың Таң мен Сұң империяларының өмір сүрген дәуірінде, қытайдың көркемөнері өзінің ең жоғарғы даму сатысына көтерілді деп есептеуге болады. Ұлы Жібек жолы арқылы Қытайға ағылып келіп жатқан рухани және материалдық мәдениеттің жаңа үлгілері Қытайдың көркемөнерінің дамуына үлкен әсерін тигізді. Осы дәуірде Қытайдың рухани өмірі үлкен өзгерістерге түсіп

байытылады. Әдебиетке деген қызығушылық жана өлеңдер мен романдардың өмірге келуіне, ал оларды тарату қажеттілігі VII-ші ғасырда ксилографиялық баспаны, ал XI-ші ғасырда шрифттік баспаның пайда болуына түрткі болды. Тепе-теңдік пен гармонияға ұмтылу, табиғатқа жақындау Сұң дәуірінің архитектура өнерінің негізін қалады. Сұң мәдениеті болса, таңғұттар мен қидандардың шабуылынан көптеген зардаптар шекті. Сондықтан Сұң дәуірінің адамдары буддизм уағыздаған тыныштықты іздеді. Табиғат сұлулығына тамсану, ақиқатты табиғаттан іздеу Сұң мәдениетінің ерекшелігі еді.

Қытай архитекторлары үйдің орнаменттеріне, архитектуралық бөлшектерге, үйді табиғатпен байланыстырып тұратын ашық террасалар мен галереяларға көбірек көңіл бөле бастады. Сонымен қатар, буддизм дінінің Қытайда кең таралуы монастрлердің көп салынуына септігін тигізді. Ғибадатханаларда әсіресе сүйіспеншілік құдайы Гуаньинге арналған арнайы бөлмелер көп салынды. Бұл ғибадатханаларды салған шеберлер, олардың көзге түсетін үлкендігін байқатпау үшін ғибадатханаларды әсемдендіріп, өрнектелген ұстағыштары бар балкондарды орнатып, қабырғаларға бірнеше есіктер орнатады. Буддизмнің табиғатпен біртұтас болу, гармонияны сезу принципі халықтың сана-сезіміне, архитектурасына әсер етіп, табиғатқа жақындау арқылы адамдардың өмір қиыншылықтарынан құтылып, гармонияда екенін сезінуге мүмкіндік беретін. Сұң империясында саябақтардың көлемі ұлғайып, көптеген таңғажайып саябақтар өсіріле бастады. Саябақтарға кірген кезде өзгеше әлемге түскендей әсер пайда болатын. Сұң дәуірінің таңғажайып саябақтарына Ханчжоу және Сучжоу қалаларында өсірілген саябақтарды жатқызуға болады.

Таң мен Сұң дәуірінің мүсін өнері де ерекше дамыды. Таң дәуірінде монументалды пластика дамып, жартастардағы ғибадатханалардың жаппай салына басталуына әсер етті. Атақты буддалық комплекстер мәселен Лунмэнде, Майцзишанда, Юнганда және Дунхуанда жаңа

үлгілер қашалып, жаңа мүсіндердің жасалынғаны белгілі. Таң дәуіріне жататын мүсіндер, қоладан, тастан, ағаштан жасалды. Осы мүсіндерден, қабырғалық суреттерден және жерлеу комплекстерінен сол дәуірге тән ынтызарлық пен терең дүниетаным және сарқылмас өмірлік энергия сезіледі. Буддизмде құдайлар саны көбейтіліп, будда ғибадатханаларында құдайлардың мүсіндері көбейтіледі. Таң империясының ең керемет туындыларының біріне биіктігі 17 метрге жететін Лунмэндегі Локана будда мүсінін жатқызуға болады. Қабірлердің қабырғаларында сарай өмірін бейнелейтін маңызды оқиғалар бейнеленген.

VII-XII ғасырларда Қытайда бейнелеу өнері өзге көркемөнер түрлеріне қарағанда қарқынды түрде дамиды. Өлеңдер мен каллиграфия Қытайдың бейнелеу өнерінің бөлінбес бөлшегі болып табылады. Олар бейнелеу өнерінде гармония мен әлем құпиясын бейнелейтін құралдар болып табылады. Таң дәуірінің каллиграфиясы адам жанының ішкі күйімен тығыз байланысты еді. Белгілі каллиограф Чжан Сюйді қытай тарихшылары былай суреттеген: «Ол көз жанарымен бәрін: табиғат көріністерін, жануарларды, өсімдіктерді, жұлдыздарды, соғыстарды, өртті, той-думандарды әлемнің барлық құбылыстарын елестете отырып, оларды өз өнерінде бейнеледі», - деп жазылған. Бұдан Таң дәуірінің поэзия, каллиграфия, бейнелеу өнерінің өте жоғары дәрежеде дамығанын көре аламыз. Конфуций ілімі және даосизм идеяларымен байытылған Таң поэзиясы өмір шындығын айқын бейнелеуші құралға айналды.

Таң дәуірінің атақты суретшілерінің қатарына буддалық мазмұнда суреттер салған У Даоцзыны, аттарды керемет бейнелейтін Хан Ганды және Лян Либенді атауға болады. Олардың суреттері Таң дәуірінің бейнелеу өнерінің өте жоғары дамығанын көрсетеді. Буддизмнің ықпалын Ван Вэй шығармашылығынан да байқауға болады. Ол осы өмірден алшақтап, ақиқатты өзіне-өзі үңілуден табиғатпен оңаша қалудан іздейді. Ван Вэй осы өмірге бақылаушының көзқарасымен

қарап, оның шығармаларында тек ақ пен қара түстер ғана қолданылды. Ван Вэй сарайдағы жоғарғы шең қызметінен бас тартып, тауларға барып, оңашаланады.

X-XI ғасырларда Сұң династиясына солтүстік көшпелілерден үнемі қауіп төніп тұрған кезде, сыртқы әлеммен байланыс біршама бәсеңдейді. Мұның өзі қытайдың бейнелеу өнерінде үлкен өзгерістерге алып келеді. Сұң суретшілері «жеңілмейтін мемлекет» иллюзиясын жоғалтып, табиғаттың эстетикалық қасиеттерін ой-елегінен қайта өткізеді.

VII-X ғғ. қытай көркемөнерінің кең сұранысқа ие болған түрі фарфор пайда болады. Фарфордың пайда болуы уақыт пен қиындықтардан өтуді талап етті. Керамиканың бұл жоғары сапалы түрін жасау үшін қытай халқына ғасырлар қажет болды. Вэй дәуірінде алғашқы фарфор ыдыстар пайда бола бастайды. Мысалға лотос жапырақтарымен безендірілген құмыраларды айтуға болады, бірақ тек Таң кезінде ғана жоғары сапалы, жұқа ақ фарфор шығарыла бастады. Мұндай жоғары сапалы фарфорды шеберлер шпат пен кварцтың сары топырақпен қосындысынан алған еді. Бұл қосындыдан жасалған фарфор өте тегіс және сыңғыр-ламалы болды. Фарфор ыдыстардың әрқайсысы жеке көркемөнер туындысы ретінде қарастырылып, өте мұқияттылықпен жасалды. Сондықтан жоғары сапалы фарфор шет елдіктердің де қызығушылығын оятып, ханзадалар мен патшалардың қол жетпес арманына айналды. Фарфордың сұлулығы жайында көптеген өлеңдер жазылды. Таң дәуірінде фарфорды негізінен Даиде (Сычуанда) және Синчжоуда (Хэбэй провинциясында) шығаратын. Сонымен қатар, Таң дәуірінің үш түсті керамикасы да өте атақты болды. Сол себептен де Сұң дәуірінің керамикасы өте жоғары сапаға көтеріледі. Ыдыстарда гүлдер мен құстардың, жеміс-жидектердің суреттері жұқа инемен салынды. Сондықтан керамика шеберлерінің жай ғана шебер емес, сурет сала алатын қасиеті де болды. Таң мен Сұң дәуірі кезінде музыкалық аспаптар, ыдыстар, үй жиһаздары, айналар жаңа үлгілермен жасалып, өте жоғары дәрежеде дамып,

сонымен қатар, құстар мен гүлдер бейнеленген зерделі маталар да өте атақты болды. Таң империясының «Үш түс» атты керамика өнер түрі қазірге дейін мың жылдық тарихы бар. «Үш түс» атты өнер түрі Қытайдың Таң дәуіріндегі керамика жасау ерекшелігі мен керамика түсін бейнелесе де, бірақ қазіргі кезде де қытайдың керамика түсін бейнелеуге қолданылады. Таң дәуірінде керамиканың неше түрлі түстері болатын, олар ашық сары, қою сары, ашық жасыл, қою жасыл, қою қызыл, қоңыр түстер еді. Бірақ ең маңызды, көп қолданылатын сары, жасыл және ақ түстер болды. Сондықтан Таң дәуірінің керамика өнері «Үш түс» деген атпен белгілі. «Үш түс» керамикасының дамуына байланысты керамика жасау өнерінің тақырыптары өзгеріп, енді үш түрлі тақырыптарды: адамдарды, малдар мен ыдыс-саяқ тақырыбын қамтитын болды. Шеберлер адамдарды бейнелеген кезде, көбінесе, шенеуліктерді, әскери адамдарды, құлдарды, ху адамдарын жасайтын. Ал малдардың ішінен арғымақтарды, сиырды, арыстан мен жолбарысты бейнелейтін. Ал ыдыс-саяқ жасағанда, көбінесе кесе, шәйнек, тарелке және басқа да үйге қажетті ыдыс-саяқ түрлерін жасаған. Таң дәуірінің «Үш түс» керамика түрінің пайда болуы сол дәуірдегі қоғамның келбетіне және мәдени құндылықтарға әсер етті. Мәселен, Таң дәуірінің күшті болғанын бейнелеу үшін жауынгер мүсінінің келбетінің мығым етіп жасалуына, сондай-ақ жауынгер атының семіз ғып бейнеленуіне әсерін тигізді. Сонымен қатар, қыз бейнесін жасағанда қыздарды толық етіп салу, сол замандағы сұлулық эталонының адамдардың толық болуы екенін байқауға болады.

Таң династиясына Орталық Азиядан көптеген өнер адамдары (әзіл, ойын-сауық артистері) келеді, солардың ішінде бишілер де өте көп келеді. Олар Таң империясының астанасы Чанъан қаласында тұрады. Таң императорларының «ашық есік» саясаты Таң империясына сырттан көптеген шет елдіктердің келуіне әсер етіп, Таң империясының астанасының мәдени өмірін ерекше байытты. Таң династиясының өмір сүрген соңғы жылдарына

дейін, Таң императорлары Орталық Азия мемлекеттерімен жақсы қарым-қатынаста болып, Орталық Азиялық саудагерлер қытай империясының территориясына еркін кіре алды.

Таң империясы кезінде қытайлықтардың сыртқы мемлекеттер туралы дүниетанымы кеңейіп, сыртқы әлем туралы көбірек мағлұмат алады. Таң империясының астанасы – Чанъан қаласында әр түрлі ұлт өкілдерін: Сібірдің және оңтүстік үнді ормандарының тұрғындарын, гректерді, түркілерді, парсылар мен жапондықтарды кездестіруге болатын еді. Сол себептен де Чанъан қаласы сырттан келген әр түрлі қызықты заттарға, әшекей бұйымдары мен сан түрлі киім – кешек түрлеріне, тәтті тағамдар мен түрлі сусындарға толы еді. Хань дәуірі кезінде, қытайлықтар әр түрлі экспедицияларды ұйымдастырып, сыртқы әлем туралы мағлұмат алса, ал Таң дәуірінде, қажетті мағлұматтарды шетелдіктердің өздері алып келетін.

Осылайша Таң империясының мәдениетінің гүлдену себептері мен алғышарттары айқындалады.

\*\*\*

1 华涛:《西域历史研究(八至十世纪)》上海古籍出版社. 2000年

2 林冠群:《唐代吐蕃史论集》,中国藏学出版社. 2006年

3 «唐朝和边疆名注视着往来研究»,上海人民出版社 1998. 318页

4 Кравцова, М.Е. История искусства Китая. Мировая художественная культура. - М.: Лань, 2004. - 960 с.

5 爱德华·谢弗:《唐代的外来文明》,中译本,陕西师范大学出版社,2005年,90页

\*\*\*

В статье говорится о пике культурного расцвета Китая династий Тан и Сун. О том, как культурные взаимоотношения и взаимовлияния Китая и народов Центральной Азии повлияли на расцвет и обогащение культуры.

\*\*\*

This article is about the highest peak of cultural flourishment of China. It is about cultural interrelations and mutual influence between China and Peoples of Central Asia.